

Электр энергетикасы аясындағы салалық біліктілік шеңберін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 19 желтоқсандағы № 419 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 23 қаңтарда № 9083 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 262 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 02.04.2015 № 262 бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 138-4-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған Электр энергетикасы аясындағы салалық біліктілік шеңбері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті (С.Қ. Есімханов) заңнамада белгіленген тәртіпте мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.М. Жақсалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрі*

Ә. Исекешев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Индустрия және жаңа
технологиялар министрінің
2013 жылғы «19» желтоқсандағы
№ 419 бұйрығымен
бекітілді

Электр энергетика аясындағы салалық біліктілік шеңбері

1. «Электр энергетикасы» саласындағы салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі-СБШ) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 373-ө-м және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 28 қыркүйектегі № 444 бірлескен бұйрығымен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестендірілген біліктілік деңгейлерді қамтиды (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде № 8022 тіркелген).

2. СБШ бірыңғай біліктілік деңгейлер межесін анықтайды, біліктіліктің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді және кәсіби стандарттар үшін және химия саласы мамандарының біліктілігінің сәйкестігі мен берілгендігін растайтын жүйеге негіз болып табылады.

3. «Электр энергетикасы» саласының миссиясы – электр энергиясын сенімді, қауіпсіз және тиімді өндіру, көтерме және бөлшек сауда қатысушыларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұтынушыларына тарату, бөлу (әрі қарай п а й д а л а н у ү ш і н) .

4. Осы миссияны іске асыру бойынша жұмыстарының технологиялық кезектілігі - отынды өндіру мен өңдеуді, электр энергиясын өндіру, тарату, бөлу және жеткізуді көздейді.

5. Бұл жұмыстардың атаулары «электр энергетикасы» саласының кәсіби қызмет саласының атауларын белгілейді:

- 1) электр энергиясын өндіру;
- 2) электр энергиясын тарату;
- 3) электр энергиясын бөлу және жеткізу.

6. СБШ түрлі пайдаланушылар тобына (жұмыс берушілер бірлестіктер, білім беру басқарма мекемелері, ұйымдар, азаматтар) арналады және:

1) нақты саладағы еңбек нарығы мен кадрларды даярлау нарығын дамытудың ортақ стратегиясын қалыптастыру, оның ішінде нақты біліктілік алу, кәсіптік деңгейін көтеру, мансаптық өсуге жетектейтін түрлі білім беру траекторияларын ж о с п а р л а у ;

2) Кәсіптік және білім беру стандарттарын, кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде қызметкерлер мен түлектердің біліктілігіне қойылатын талаптарды сипаттау;

3) сертификаттау жүйесін құру;

4) адами ресурстарды жоспарлау және дамыту мүмкіндігін береді.

7. СБШ мақсаты - саланың қолданыстағы және перспективалық технологияларын ескере отырып, қызметкердің құзыреттеріне, біліміне, дағдылары мен білігіне қойылатын Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) стратегиясымен қоса біліктілік деңгей талаптарын нақтылау;

8 . С Б Ш :

1) саланың өзара байланысты кәсіптік қызмет салаларын бөлу;

2) төменгі біліктілік деңгейінен жоғарғысына ауысқан кезде қызметкердің жеке және кәсіптік құзыреттілігінің, дағдыларының және білімінің сабақтастығы;

3) СБШ талаптарының кәсіптік қызметтің барлық салалары үшін жарамды болатыны ;

4) біліктілік деңгейлері иерархиясының еңбекті бөлу құрылымына және Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне сәйкестігі;

5) СБШ біліктілік деңгейлерін кәсіптік қызмет параметрлері арқылы сипаттау ;

6) барлық пайдаланушылар үшін біліктілік деңгейлерін сипаттаудың ашықтығы қағидаттарын ескерумен әзірленеді.

9. СБШ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларын ескеруімен ҰБШ негізінде әзірленді және :

1) саланың кәсіптік стандарттар мен білім беру бағдарламаларының мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарын әзірлегенде;

2) сала қажеттіліктеріне қатысты еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің даму стратегиясын қалыптастырғанда;

3) ашық және басқарылатын еңбекақы жүйесін құрған кезде қолданылады.

10. Сала қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын негізгі нормативтік құқықтық актілер :

1) «Электр энергетикасы туралы» Заңы (2004 жылғы 09 шілдедегі № 588-II);

2) «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңы (1998 жылғы 09 шілдедегі № 272 - I);

3) «Бәсекелестік туралы» Заңы (2008 жылғы 25 желтоқсандағы 112-IV);

4) 2010 жылғы № 922 1 ақпанда Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін стратегиялық даму бағдарламасы ;

5) Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы 2010 жылғы № 958 19

наурызда бекітілген Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығы.

6) 2010 жылғы № 1129 29 қазанда Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының 2010 - 2014 жылғы электр энергетиканы дамыту программасы.

7) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы» Қазақстан халқына жолдауы.

11. Электр энергетикасы негізгі салалардың бірі бола тұра, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік саласында маңызды роль атқарады. Сондықтан, электр энергетика кешені Қазақстан Республикасының экономикасында басым секторларының бірі ретінде айқындалған және динамикалық теңдестірілген жүйе ретінде: электр энергиясының тұрақты дамуының негізі жаңа жоғарғы тиімді технология және ішкі жалпы өніміне энергияның жұмсалыуының үнемі төмендеуіне байланысты энергетика – экономика – табиғат – қоғам ретінде қ а р а с т ы р ы л а д ы .

12. «Электр энергетикасы» саласының стратегиялық мақсаттары:

1) елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету;
2) электр және жылу энергиясын сенімді, қауіпсіз және тиімді өндіру және ж е т к і з у ;

3) жоғары технологиялық энергетикалық жабдықты құру үшін техникалық тапсырмаларға талаптарды әзірлеу;

4) тозған энергетикалық жабдықтың жаңарту, жаңғырту, ауыстыру;

5) әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру;

6) қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру;

7) электр энергиясының экспортын қамтамасыз ету.

13. «Электр энергетика» саласының электр энергиясын өндіру, тарату және іске асырудың қолданыстағы және перспективалы технологияларын қолданумен байланысты негізгі өндірістік міндеттері:

1) қолданылатын технологиялық жабдықты талдау, ақауларды анықтау;

2) технологиялық жабдықты ауыстыруға, жаңғыртуға жобалық-сметалық қ ұ ж а т т а м а ж а с а у ;

3) ғылыми, білім беру, жобалау, машина жасау ұйымдармен және кәсіпорындармен өзара іс-қимыл жасау және серіктестік қарым-қатынасты қолдау механизмдерін жетілдіру;

4) еңбекті ұйымдастыруды жетілдіру;

5) негізгі және қосалқы энергетикалық жабдықты сенімді, қауіпсіз және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

6) тұтынушыларды электр энергиясымен сенімді, қауіпсіз және тиімді қамтамасыз ету.

**Электр энергетикасы саласындағы салалық біліктілік
шеңберінің құрамы**

ҰБШ деңгейі	СБШ деңгейі	Кәсіптік қызмет 1. Электр энергия өндiрысы	салалары :	
		Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талаптар
1	1	<p>Дербестігі: электр энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, оларды дұрыс пайдалану бойынша міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс.</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалуы; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін.</p> <p>Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу</p>	<p>Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәні, оны өзгерту процестері және тиісті орындаушылық іс-қимылда циклы туралы базалық білім</p>
2	2	<p>Дербестігі: таныс жағдайларда белгілі бір дербестік болғанда басшылық етумен жасалатын жұмыс ; электр энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында басшылық етумен оқыту.</p> <p>Жауапкершілігі: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін; экологиялық стандарттар талаптарын орындау үшін.</p> <p>Күрделілігі: қарапайым үлгілік тапсырмаларды шешу</p>	<p>Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәні, үлгілік қарапайым тапсырмаларды орындау кезінде нәтижеге қол жеткіз қүралдары мен жолдары тура базалық білім</p>
		<p>Дербестігі: үлгілік жағдайларда дербес жұмыстарды және күрделі</p>		

3	3	<p>жағдайларда басшылық етумен кәсіби қызметтерді жүзеге асыру, электр энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында оқытуды өз бетінше ұйымдастыру</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін ; экологиялық стандарттар талаптарын орындау үшін</p>	<p>Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәнін технологиялы өзгерту, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру туралы білім</p>
4	4	<p>Дербестігі: электр энергиясын өндіруді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, нормаларды іске асыруды ұйымдастыру мен бақылауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: норманың іске асырылу нәтижелері үшін; өз қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі үшін; қоршаған экологиялық стандарттар талаптарын сақтау үшін.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайларын өз бетінше талдауды талап ететін түрлі үлгілік практикалық міндеттерді шешу.</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білімі мен дағдылардың жетіспеушілігін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын арттыруға ынталандырады</p>	<p>Кәсіби міндеттерді шешу жөніндегі тәсілдері, принциптері және амалдары, қарым-қатынас этикасы мен психологиясы еңбек уәждемесі және еңбек ынталандыру тәсілдері туралы білім</p>
5	5	<p>Дербестігі: кәсіпорынның электр энергиясын өндіру бойынша қызметінің технологиялық процесс учаскесі мен стратегиясы шегіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзінің оқуы және басқаларды оқыту үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану</p>	<p>Тапсырысты түсіне білу, жағдайды және өзінің іс-қимылдарын талдай білу, шешім қабылдау және оларды іске асыруға жағдай жасау, командалық жұмыс, басқарушылық және</p>	<p>Кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау әдіснамасы, басқарушылық</p>

		<p>қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін; экологиялық стандарттар талаптарын орындау үшін.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайлары өзгермелі түрлі жағдайларда шешім табу тәсілдерін таңдау негізінде практикалық міндеттерді шешу</p>	<p>орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылату тұрғысынан қызметті бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді</p>	<p>шешімдерді қабылдау тәсілде ұжым және ұжымдық құрылы туралы білім</p>
6	6	<p>Дербестігі: жұмыстарды басқа учаскелермен келісіп жасауды көздейтін, кәсіпорынның электр энергиясын өндіру қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін</p> <p>Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерін таңдауды және олардың әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер.</p>	<p>Белгісіздігі жоғары әлеуметтік және кәсіби жағдайларда жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару мәдениеті, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, нәтижелерді ресімдеу және олармен таныстыру, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіби күрде жағдайларда бірлесіп талдау жобалау және шешім қабылдау әдіснамасы, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, аналитикалық және жобалы құжаттаманы ресімдеу және таныстыру тәсілдері туралы білім</p>
7	7	<p>Дербестігі: сала құрылымының жұмыс істеу және даму стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін</p> <p>Күрделілігі: даму міндеттерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет</p>	<p>Міндет пен проблемаларды қою, инновациялық тәсілдерді, тұжырымдама жасау және қызмет стратегиясы әдістерін қолдана отырып, оларды жүйелі түрде шешу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Тұжырымдаманы, стратегияны қызметтің функционалдық модельдерін құру әдіснамасы акмеологиялық әдістерді қолдана отырып, міндеттер мен проблемаларды қою мен жүйелі түрде шешу тәсілдері туралы білім</p>
8	8	<p>Дербестігі: саланың мемлекеттік ауқымдағы ірі институционалдық құрылымдарының жұмыс істеу мен даму стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін,</p>	<p>Жүйелік және стратегиялық ойлауды, логикалық әдістерді, кәсіби қызмет пен өзара іс-қимылдың модельдерін құру мен</p>	<p>Қызметтің және өзара іс-қимылдың кооперативтік жүйелерін құру, макроәлеуметтік және</p>

		<p>қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы үшін</p> <p>Күрделілігі: даму міндеттерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет</p>	<p>орындау әдістерін қолдана отырып, өзара тиімді шешімдерді қабылдау дағдысын көрсетеді</p>	<p>макроэкономикалық жүйелер үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білім</p>
ҰБШ деңгейі	СБШ деңгейі	<p>К ә с і п т і к қ ы з м е т с а л а л а р ы :</p> <p>2. Электр энергиясын тарату</p>		
		<p>Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар</p>	<p>Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар</p>	<p>Біліміне қойылатын талаптар</p>
1	1	<p>Дербестігі: электр энергиясын таратуды қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, оларды дұрыс пайдалану бойынша міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс.</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалуы; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін</p> <p>Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу</p>	<p>Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәні, оны өзгерту процестері және тиісті орындаушылық іс-қимылда циклы туралы базалық білім</p>
2	2	<p>Дербестігі: таныс жағдайларда белгілі бір дербестік болғанда басшылық етумен жасалатын жұмыс ; электр энергиясын таратуды қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында басшылық етумен оқыту.</p> <p>Жауапкершілігі: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін; экологиялық стандарттар талаптарын орындау үшін</p> <p>Күрделілігі: қарапайым үлгілік тапсырмаларды шешу</p>	<p>Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәні, үлгілік қарапайым тапсырмаларды орындау кезінде нәтижеге қол жеткіз құралдары мен жолдары тура базалық білім</p>
		<p>Дербестігі: үлгілік жағдайларда дербес жұмыстарды және күрделі жағдайларда басшылық етумен</p>		

3	3	<p>кәсіби қызметтерді жүзеге асыру, электр энергиясын таратуды қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында оқытуды өз бетінше ұйымдастыру</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін ; экологиялық стандарттар талаптарын сақтау үшін</p>	<p>Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәнін технологиялы өзгерту, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру туралы білім</p>
4	4	<p>Дербестігі: электр энергиясын таратуды қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, нормаларды іске асыруды ұйымдастыру мен бақылауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: норманың іске асырылу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін , экологиялық стандарттар талаптарын сақтау үшін.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайларын өз бетінше талдауды талап ететін түрлі үлгілік практикалық міндеттерді шешу</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білімі мен дағдылардың жетіспеушілігін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын арттыруға ынталандырады</p>	<p>Кәсіби міндеттерді шешу жәй белгілеу тәсілдері, принципте және амалдары, қарым-қатын этикасы мен психологиясы еңбек уәждемесі және еңбекі ынталандыру тәсілдері туралы білім</p>
5	5	<p>Дербестігі: кәсіпорынның электр энергиясын тарату бойынша қызметінің технологиялық процесс учаскесі мен стратегиясы шегіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзінің оқуы және басқаларды оқыту үшін; өз</p>	<p>Тапсырысты түсіне білу, жағдайды және өзінің іс-қимылдарын талдай білу, шешім қабылдау және оларды іске асыруға жағдай жасау, командалық жұмыс, басқарушылық және</p>	<p>Кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау әдіснамасы, басқарушылық</p>

		<p>қауіпсіздігі және басқалардың қауіпсіздігі үшін; экологиялық стандарттар талаптарын сақтау үшін. Күрделілігі: жұмыс жағдайлары өзгермелі түрлі жағдайларда шешім табу тәсілдерін таңдау негізінде практикалық міндеттерді шешу</p>	<p>орындаушылық кәсіпқойлықты жоғарылату тұрғысынан қызметті бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді</p>	<p>шешімдерді қабылдау тәсілде ұжым және ұжымдық құрылы туралы білім</p>
6	6	<p>Дербестігі: жұмыстарды басқа учаскелермен келісіп жасауды көздейтін, кәсіпорынның электр энергиясын өндіру қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін</p> <p>Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерін таңдауды және олардың әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер</p>	<p>Белгісіздігі жоғары әлеуметтік және кәсіби жағдайларда жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару мәдениеті, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, нәтижелерді ресімдеу және олармен таныстыру, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіби күрде жағдайларда бірлесіп талдау жобалау және шешім қабылдау әдіснамасы, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, аналитикалық және жобалы құжаттаманы ресімдеу және таныстыру тәсілдері туралы білім</p>
7	7	<p>Дербестігі: сала құрылымының жұмыс істеу және даму стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы</p> <p>Күрделілігі: даму міндеттерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет</p>	<p>Міндет пен проблемаларды қою, инновациялық тәсілдерді, тұжырымдама жасау және қызмет стратегиясы әдістерін қолдана отырып, оларды жүйелі түрде шешу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Тұжырымдаманы, стратегияны қызметтің функционалдық модельдерін құру әдіснамасы акмеологиялық әдістерді қолдана отырып, міндеттер мен проблемаларды қою мен жүйелі түрде шешу тәсілдері туралы білім</p>
8	8	<p>Дербестігі: саланың мемлекеттік ауқымдағы ірі институционалдық құрылымдарының жұмыс істеу мен даму стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық</p>	<p>Жүйелік және стратегиялық ойлауды, логикалық әдістерді, кәсіби қызмет пен өзара іс-қимылдың модельдерін құру мен орындау әдістерін қолдана отырып, өзара тиімді</p>	<p>Қызметтің және өзара іс-қимылдың кооперативтік жүйелерін құру, макроәлеуметтік және</p>

		пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындау үшін Күрделілігі: даму міндеттерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет	шешімдерді қабылдау дағдысын көрсетеді	макроэкономикалық жүйелер үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білім
ҰБШ деңгейі	СБШ деңгейі	Кәсіптік қызмет 3. Электр энергиясын бөлу және жеткізу	салалары :	
		Жеке және кәсіби құзыретіне қойылатын талаптар	Білігі мен дағдысына қойылатын талаптар	Біліміне қойылатын талаптар
1	1	Дербестігі: электр энергиясын бөлу және жеткізуді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, оларды дұрыс пайдалану бойынша міндеттерді орындау барысында өте төмен дербестік деңгейінде толық басшылық жасалатын жұмыс. Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалуы; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін Күрделілігі: нұсқаулық бойынша жұмыс істеу	Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді	Еңбек мәні, оны өзгерту процестері және тиісті орындаушылық іс-қимылдау циклы туралы базалық білім
2	2	Дербестігі: таныс жағдайларда белгілі бір дербестік болғанда басшылық етумен жасалатын жұмыс ; электр энергиясын бөлу және жеткізуді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында басшылық етумен оқыту. Жауапкершілігі: қарапайым тапсырмалардың орындалу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін; экологиялық стандарттар талаптарын орындау үшін Күрделілігі: қарапайым үлгілік тапсырмаларды шешу	Үлгілік күрделі емес практикалық тапсырмаларды орындайды, қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқара білу дағдыларын көрсетеді	Еңбек мәні, үлгілік қарапайым тапсырмаларды орындау кезінде нәтижеге қол жеткіз құралдары мен жолдары тура базалық білім
		Дербестігі: үлгілік жағдайларда дербес жұмыстарды және күрделі жағдайларда басшылық етумен кәсіби қызметтерді жүзеге асыру,		

3	3	<p>электр энергиясын бөлу және жеткізуді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында оқытуды өз бетінше ұйымдастыру</p> <p>Жауапкершілігі: жұмыстардың орындалу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін ; экологиялық стандарттар талаптарын сақтау үшін</p>	<p>Стандартты практикалық тапсырмаларды орындайды, жоспарлау, қойылған міндеттерді орындау тәсілдерін таңдай білу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Еңбек мәнін технологиялы өзгерту, еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру туралы білім</p>
4	4	<p>Дербестігі: электр энергиясын бөлу және жеткізуді қамтамасыз ететін қызмет көрсетілетін құрылғылар мен жабдықтардың іске жарамды күйін, авариясыз және сенімді жұмысын, оларды дұрыс пайдалану мен номиналды өнімділігі бойынша міндеттерді орындау барысында бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, нормаларды іске асыруды ұйымдастыру мен бақылауды көздейтін басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: норманың іске асырылу нәтижелері үшін; өзінің және басқалардың техникалық пайдалану қағидалары және қауіпсіздік техникасын сақтауы үшін ; экологиялық стандарттар талаптарын сақтау үшін.</p> <p>Күрделілігі: жұмыс жағдайларын өз бетінше талдауды талап ететін түрлі үлгілік практикалық міндеттерді шешу</p>	<p>Алынған тапсырмаларды нақтылайды, бағыныштылардың міндеттерін белгілейді, қызметтерінің нәтижесін бағалайды, білімі мен дағдылардың жетіспеушілігін анықтайды, қызметкерлерді кәсіпқойлығын арттыруға ынталандырады</p>	<p>Кәсіби міндеттерді шешу және белгілеу тәсілдері, принципте және амалдары, қарым-қатын этикасы мен психологиясы еңбек уәждемесі және еңбек ынталандыру тәсілдері туралы білім</p>
5	5	<p>Дербестігі: кәсіпорынның электр энергиясын бөлу және жеткізуді бойынша қызметінің технологиялық процесс учаскесі мен стратегиясы шегіндегі басқарушылық қызмет.</p> <p>Жауапкершілігі: өз еңбегін бағалау және жетілдіру, өзінің оқуы және басқаларды оқыту үшін; өз қауіпсіздігі және басқалардың</p>	<p>Тапсырысты түсіне білу, жағдайды және өзінің іс-қимылдарын талдай білу, шешім қабылдау және оларды іске асыруға жағдай жасау, командалық жұмыс, басқарушылық және орындаушылық</p>	<p>Кәсіби жағдайларды жүйелі талдау және жобалау әдіснамасы, басқарушылық шешімдерді қабылдау тәсілде</p>

		<p>қауіпсіздігі үшін; экологиялық стандарттар талаптарын сақтау үшін. Күрделілігі: жұмыс жағдайлары өзгермелі түрлі жағдайларда шешім табу тәсілдерін таңдау негізінде практикалық міндеттерді шешу</p>	<p>кәсіпқойлықты жоғарылату тұрғысынан қызметті бақылау және түзету дағдыларын көрсетеді</p>	<p>ұжым және ұжымдық құрылы туралы білім</p>
6	6	<p>Дербестігі: жұмыстарды басқа учаскелермен келісіп жасауды көздейтін, кәсіпорынның электр энергиясын бөлу және жеткізу қызметінің стратегиясы шеңберіндегі басқарушылық қызмет. Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы, қызметкерлердің кәсіпқойлығын арттыру үшін</p> <p>Күрделілігі: шешім қабылдау тәсілдерін таңдауды және олардың әр түрлілігін көздейтін міндеттерді шешуге бағытталған қызметтер</p>	<p>Белгісіздігі жоғары әлеуметтік және кәсіби жағдайларда жобалау және шешім қабылдау, өзін-өзі басқару мәдениеті, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, нәтижелерді ресімдеу және олармен таныстыру, заманауи бағдарламалық өнімдер мен техникалық құралдарды пайдалану дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Әлеуметтік және кәсіби күрделі жағдайларда бірлесіп талдау жобалау және шешім қабылдау әдіснамасы, коммуникацияны ұйымдастыру және көзқарастарды келісу, аналитикалық және жобалық құжаттаманы ресімдеу және таныстыру тәсілдері туралы білім</p>
7	7	<p>Дербестігі: сала құрылымының жұмыс істеу және даму стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет. Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы</p> <p>Күрделілігі: даму міндеттерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет</p>	<p>Міндет пен проблемаларды қою, инновациялық тәсілдерді, тұжырымдама жасау және қызмет стратегиясы әдістерін қолдана отырып, оларды жүйелі түрде шешу дағдыларын көрсетеді</p>	<p>Тұжырымдаманы, стратегияны қызметтің функционалдық модельдерін құру әдіснамасы акмеологиялық әдістерді қолдана отырып, міндеттер мен проблемаларды қою мен жүйелі түрде шешу тәсілдері туралы білім</p>
8	8	<p>Дербестігі: саланың мемлекеттік ауқымдағы ірі институционалдық құрылымдарының жұмыс істеу мен даму стратегиясын құруды көздейтін басқарушылық қызмет</p> <p>Жауапкершілігі: маңызды өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу үшін, қызметкерлердің техникалық пайдалану және техникалық қауіпсіздік қағидаларын орындауы үшін</p>	<p>Жүйелік және стратегиялық ойлауды, логикалық әдістерді, кәсіби қызмет пен өзара іс-қимылдың модельдерін құру мен орындау әдістерін қолдана отырып, өзара тиімді шешімдерді қабылдау дағдысын көрсетеді</p>	<p>Қызметтің және өзара іс-қимылдың кооперативтік жүйелерін құру, макроәлеуметтік және макроэкономикалық жүйелер</p>

	Күрделілігі: даму міндеттерін шешу, жаңа тәсілдерді әзірлеу, әр түрлі әдістерді пайдалануды көздейтін қызмет	үлгілеу және басқару әдіснамасы туралы білім
--	--	--

Электр энергетикасы саласындағы
салалық біліктілік шеңберіне
2-қосымша

Біліктілікке қол жеткізу көрсеткіші

Біліктілік деңгейі	Тиісті деңгейдегі біліктілікке қол жеткізу жолдары
1	Практикалық тәжірибе және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту (нұсқау) және/немесе бастауыштан кем емес орта білімі болған кезде қысқа мерзімді курстар.
2	Практикалық тәжірибе және/немесе негізгі орта білімнен кем емес жалпы орта білімі болған кез кәсіби даярлау (білім беру мекемесі негізінде қысқа мерзімді курстар немесе корпоративті білім беру) және/немесе ересектерді қайта даярлау.
3	Практикалық тәжірибе және/немесе жалпы орта білім немесе негізгі орта білімнің негізінде техникалық және кәсіби білім немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білім болған кез кәсіби даярлау (білім беру мекемелерінің негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлау бағдарламалары бойынша курстар немесе корпоративті оқыту).
4	Жоғары дәрежелі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) және практикалық тәжірибе.
5	Техникалық және кәсіби білім (орта буын маманы), ортадан кейінгі білім, практикалық тәжірибе немесе жоғары білім.
6	Жоғары білім, практикалық тәжірибе.
7	Жоғары білім, практикалық тәжірибе және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім практикалық тәжірибе.
8	Жоғары білім, практикалық тәжірибе және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім практикалық тәжірибе Осы біліктілік деңгейінде жоғары білім «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заң қабылданғанға дейін алынған жоғары білімді, сондай-ақ осы заңда белгіленген білім деңгейін сәйкес айқындалған жоғары білімнен кейінгі білімді қамтиды.